

Сұраған Махумдолда
Астана қаласы техникалық
шығармашылық орталығы

Сабақтың тақырыбы: "Арктика" кемесінің қаңқасын шпангоуттар арқылы құрастыру

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың алған теориялық білімдерін шығармашылық жұмыстарда қолдана білуге үйрету.

1. Білімділік: Кемесінің техникалық көрсеткіштері мен шпангоуттардың құрылыстарымен таныстыру.

2. Дамытушылық: Оқушылардың ой-өрісін, ақыл-ойын, қиялын, ойлау қабілеттерін дамыту, өз бетінше жұмыс істеуге үйрету. Оқушылардың икемділігін, іскерлігін, білімділігін дамыта түсу.

3. Тәрбиелік: Оқушылардың техникалық білімге қызығушылығын оятуға тәрбиелеу. Жұмыс барысында ұқыпты, жинақы және техника қауіпсіздік ережелерін мұқият сақтауға, материалдарды тиімді пайдалануға үйрету.


Сабақтың түрі: Практикалық сабақ

Сабақтың оқыту әдісі: Түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелесу, өз бетінше жұмыс.

Сабақтың құрылымы:






1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Теориялық білім беру.
3. Практикалық сабақ.
4. Қорытындылау.

Сабақтың көрнекілігі:



Шпангоуттың үлгісі: H, H', Z, Z', M, M', J, J', B, B', A, A', E, E', D, D', G, G', B, B'.
Шпангоуттарды құрастыратын жеке бөлшектердің сызбасы: K, K', И

Технологиялық нұсқау картасы

| № | Жұмыстың реті. | Жоба | Қажетті құрал-сайман | |
|---|---|---|------------------------------------|--------------|
| | | | өлшеуіш | кескіш |
| 1 | Материал дайындау |  | Қардон, желім, қарындаш, сызғыш | Қайшы, резак |
| 2 | Үлгі бойынша шпангоуттарды дайындау |  | Қарындаш, сызғыш | Қайшы |
| 3 | Шпангоуттарды әріппен белгілеу |  | Қарындаш | |
| 4 | Шпангоуттарды орналастыратын К,К.И бөлшектерді дайындау |  | Қарындаш, сызғыш | |
| 5 | Шпангоуттарды қосымша бөлшектерге орналастыру. |  | желім | |

Жұмыс нысаны: Шпангоуттарды құрастыру арқылы кеменің қаңсасын дайындау.

